

## Петропавл қаласының кәсіпорындары мен ұйымдарында ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 2011 жылғы 21 желтоқсандағы N 1926 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 27 желтоқсанда N 13-1-209 тіркелді. Күші жойылды Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 2013 жылғы 14 қаңтарда N 29 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 2013.01.14 N 29 Қаулысымен**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31-бабы 1-тармағы 14) тармақшасына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 Заңының 7-бабы 5) тармақшасына, 20-бабына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 Заңын іске асыру бойынша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына сәйкес қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін қала кәсіпорындары мен ұйымдарының тізбесі, олардың түрлері және көлемдері бекітілсін, 1 қосымшаға с ә й к е с .

2. Қоса берілген жұмыссыздардың еңбекақы төлемінің мөлшері бекітілсін, 2 қ о с ы м ш а с ы н а с ә й к е с .

3. «Петропавл қаласының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі 451-002-100 «Жұмыспен қамту бағдарламасы. Қоғамдық жұмыстар» бағдарламасы бойынша осы мақсаттарға қала бюджетінде көзделген қаражат шегінде қоғамдық жұмыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

4. Қоғамдық қызметкерлердің еңбекақысы «2012-2014 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 24 қарашадағы № 496-IV Заңына сәйкес ең төменгі жалақы мөлшерінде белгіленсін.

5. Қоғамдық жұмыстардың шарттары 5 (бес) күн ұзақтығымен, екі демалыс күнімен (сенбі, жексенбі) жұмыс аптасы, сегіз сағаттық жұмыс күні, 1 (бір) сағат түскі үзіліс белгіленген, еңбек жағдайларын ескеріп жұмысшы мен жұмыс берушінің арасында жасалған еңбек шартымен көзделген жұмыс уақытын ұйымдастырудың икемді түрлері қолданылады.

6. «Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі (М.Т. Мұхамедьяров):

1) уақытша қоғамдық жұмыстарға жұмыссыз азаматтарды жіберуді қамтамасыз етсін, бекітілген тізбеге сәйкес;

2) жұмыс берушілермен қоғамдық жұмыстарды орындауға шарт жасасын.

7. «Петропавл қаласының кәсіпорындары мен ұйымдарында ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» Петропавл қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 19 ақпандағы № 182 қаулысының күші жойылды деп танылсын (2010 жылғы 24 ақпандағы Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде тіркелген № 13-1-173, «Қызылжар нұры» газетінің 2010 жылғы 26 ақпандағы № 11, « Проспект СК» газетінің 2010 жылғы 26 ақпандағы № 10 сандарында жарияланған )

8. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Н.Б. Байбақтиновқа жүктелсін.

9. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Петропавл қаласының әкімі*

*Н. Әшімбетов*

*КЕЛІСІЛДІ:*

*Қазақстан Республикасы  
Әділет министрлігі «Солтүстік*

*Қазақстан облысының  
Әділет департаменті» ММ Е. Сейдімбеков*

*Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі Салық*

*комитетінің «Солтүстік  
Қазақстан облысы бойынша*

*Салық департаменті» ММ У. Әмірханұлы*

*«Солтүстік Қазақстан облысы  
Петропавл қаласының қорғаныс*

*істері жөніндегі басқармасы» ММ Д. Ғабдуллин*

*«Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты  
жанындағы соттардың қызметін*

*қамтамасыз ету департаментінің Солтүстік  
Қазақстан облыстық сотының кеңсесі» ММ С. Ақтанов*

*«Солтүстік Қазақстан облысы Ішкі істер  
департаменті Петропавл қаласының*

*ішкі істер басқармасы» ММ Ә. Қасейінов*

*«Қазақстан Республикасы Бас  
прокуратурасы құқықтық статистика*

және арнайы есепке алу жөніндегі  
 Комитетінің Солтүстік Қазақстан  
 облысы бойынша басқармасы» ММ М. Аюпов  
 Қазақстан Республикасы Әділет  
 министрлігі «Солтүстік Қазақстан  
 облысының Әділет департаменті  
 Петропавл қалалық әділет басқармасы» ММ Е. Есентаев  
 «ЖИТС-тің алдын алу және онымен күрес  
 жөніндегі Солтүстік Қазақстан облыстық  
 орталығы» ММ Л. Степанова  
 Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау  
 министрлігі Солтүстік Қазақстан  
 облысы әкімдігінің «Облыстық  
 наркологиялық орталығы» шаруашылық  
 жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық  
 қазыналық кәсіпорны Б. Ыбыраев  
 «Солтүстік Қазақстан  
 мемлекеттік мұрағаты» ММ С. Мәлікова  
 «Солтүстік Қазақстан облысы  
 Петропавл қаласының жеке құрамы  
 бойынша мұрағаты» ММ Б. Мүслімова

1 - қ о с ы м ш а

Қ а л а

2011

ж ы л ғ ы

21

ә к і м д і г і н і ң

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№ 1926 қаулысымен бекітілген

**Ақылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін қала кәсіпорындары мен  
 ұйымдарының тізбесі, олардың түрлері және көлемдері**

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы  
 Петропавл қаласы әкімдігінің 2012.07.13 N 1375 Қаулысымен**

№ р/н	Кәсіпорын, ұйымдардың атауы	Жұмыс орын дары	Қоғамдық жұмыс түрі	Жұмыс көлемі	Қ о ғ а м д ы қ ж ұ м ы с т а р д ы ң ұ з а қ т ы ғ ы (ай)	Қаржылан дыру көзі

1	«Петропавл қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің» мемлекеттік мекемесінің Петропавл қаласы әкімдігіне қарасты «Коммунхоз» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	180 адам	Қала аумағын жинауға көмек көрсету; аумақтарды көгалдандыру және абаттандыруға көмек көрсету; мұзды қала шықтарды тұрғызуда қосымша жұмыстарды орындауға көмек көрсету	453735000 шаршы метр 57150 шаршы метр 28000 мұзды блоктар	12	Петропавл қаласының бюджеті
2	«ЖИТС-тің алдын алу және онымен күрес жөніндегі Солтүстік Қазақстан облыстық орталығы» мемлекеттік мекемесі	7 адам	Халықтың әлжуаз топтары қатарына алдын алу жұмыстарын жүргізуге көмек көрсету (есірткі инъекцияларын тұтынушылар)	2500 адамды қамтумен дәрістер, әңгімелер өткізу барысында маманға көмек	12	Петропавл қаласының бюджеті
3	Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігі Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің «Облыстық наркологиялық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	4 адам	Қаланың оқу орындарында есірткі инъекциялары мен алкогольді тұтынушы жастар арасында алдын алу жұмыстарына көмек көрсету	3200 адамды қамтумен дәрістер, әңгімелер өткізу барысында маманға көмек	12	Петропавл қаласының бюджеті
4	«Солтүстік Қазақстан облысы Ішкі істер департаменті Петропавл қаласының ішкі істер басқармасы» мемлекеттік мекемесі	37 адам	Халыққа қызмет көрсетудің сапасын жақсарту және жеделдету мақсатында мәліметтер дерекқорын жасауға көмек көрсету	8400 іс	12	Петропавл қаласының бюджеті
5	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің «Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Салық департаменті» мемлекеттік мекемесі	6 адам	Петропавл қаласы бойынша есептелген және төленбеген салық сомалары туралы хабарлама тапсыру	Жылына 80000 х а б а р лама	12	Петропавл қаласының бюджеті

6	«Петропавл қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	10 адам	Құжаттарды өңдеуге және сақтауға дайындауға, ксеро көшірме жасауға, материалдарды жіберуге және жеткізуге көмек көрсету; қала аумағында халықпен қоғамдық науқандар ұйымдастыруға және өткізуге көмек	Құжаттардың жинақталу шамасына қарай	12	Петропавл қаласының бюджеті
7	«Петропавл қаласының жер қатынастар бөлімі» мемлекеттік мекемесі	5 адам	Иесіз мүлік ретінде жер учаскелерін тексеруге және таңдауға акт жасауға, оларды есепке қоюға көмек; мұрағаттық құжаттарды өңдеуге көмек	5000 құжат	12	Петропавл қаласының бюджеті
8	«Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі	7 адам	Республикалық және өңірлік қоғамдық науқандар өткізуге көмек көрсету (жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша статистикалық зерттеулер); әлеуметтік қорғауға мұқтаж халықтың әртүрлі санатының мәліметтер дерекқорын жүргізу жөніндегі техникалық жұмыстарға көмек көрсету; мұрағаттық құжаттарды өңдеуге көмек; курьер жұмысы	Құжаттардың жинақталу шамасына қарай	12	Петропавл қаласының бюджеті

9	«Петропавл қаласының кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесі	3 адам	Үй шаруашылығының санағына және шаруашылық кітаптарын жасауға көмек Құжаттарды өңдеуге және сақтауға дайындауға көмек көрсету	10132 ауланы аралап шығу Шағын және орта бизнес субъектілерімен жұмыс	12	Петропавл
---	--	--------	---	---	----	-----------

					қаласының бюджеті	
10	«Петропавл қаласының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі	3 адам	Кейін Петропавл қаласы әкімдігінің коммуналдық меншігіне қабылдау үшін иесіз тұрғын және адам тұрмайтын объектілерді анықтауға көмек көрсету	450 тұрғын және адам тұрмайтын объектілерді тексеру	12	Петропавл қаласының бюджеті
11	«Петропавл қаласының құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі	2 адам	Құжаттарды өңдеуге және сақтауға дайындауға көмек көрсету Халыққа қызмет көрсетудің сапасын жақсарту және жеделдету мақсатында дерекқорлар жасауға көмек көрсету	Жинақталу шамасына қарай	12	Петропавл қаласының бюджеті
12	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі «Солтүстік Қазақстан облысы Әділет департаментінің Петропавл қалалық әділет басқармасы» мемлекеттік мекемесі	10 адам	Қала әділет басқармасының іс жүргізуіне көмек көрсету; АХАЖ бойынша мұрағаттық құжаттармен, жыл жымайтын мүлікке құқықты тіркеу бойынша, заңды тұлғаларды тіркеу бойынша жұмыстарға көмек көрсету, құжаттарды өңдеуге және сақтауға дайындауға көмек көрсету	Жинақталу шамасына қарай	12	Петропавл қаласының бюджеті
13	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі «Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті» мемлекеттік мекемесі	10 адам	АХАЖ бойынша мұрағаттық құжаттармен, жыл жымайтын мүлікке құқықты тіркеу бойынша, заңды тұлғаларды тіркеу бойынша жұмыстарға көмек көрсету, құжаттарды сақтауға дайындауға өңдеуге көмек көрсету	Жинақталу шамасына қарай	12	Петропавл қаласының бюджеті

14	«Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесі	5 адам	Құжаттарды өңдеуге және сақтауға дайындауға, ксерокөшірме жасауға, материалдарды жіберуге және жеткізуге көмек көрсету	Құжаттардың жиі нақталуына қарай	12	Петропавл қаласының бюджеті
15	«Солтүстік Қазақстан мемлекеттік мұрағаты» мемлекеттік мекемесі	3 адам	Құжаттарды өңдеуге және сақтауға дайындауға көмек көрсету	5100 құжат	12	Петропавл қаласының бюджеті
16	«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша басқармасы» мемлекеттік мекемесі	3 адам	Құжаттарды өңдеуге және сақтауға дайындауға көмек көрсету, анықтамаларды жіберу және жеткізу, анықтама беру бөлігінде қала халқына жедел қызмет ету сапасын жақсарту бойынша қағаз мәліметтер дерекқорын құру	36000 құжат	12	Петропавл қаласының бюджеті
17	«Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты жанындағы соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің Солтүстік Қазақстан облыстық сотының кеңсесі» мемлекеттік мекемесі	10 адам	Халыққа қызмет көрсетудің сапалығы және жеделділігі мақсатында дерекқор құруға көмек көрсету	Жинақталу шамасына қарай	12	Петропавл қаласының бюджеті
18	«Петропавл қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесі	2 адам	Құжаттардың көшірмелерін жасау, өткізілетін іс-шаралар туралы кәсіпорындарға хабарлама құжаттарын жеткізу, қоғамдық науқандарға қатысу	Жинақталу шамасына қарай	12	Петропавл қаласының бюджеті



19	Петропавл қаласы әкімдігінің «Тұрғын үй-пайдалану қызметі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	5 адам	Халықпен жұмыста қала аумағын аралап шығу қоғамдық науқанда рын ұйымдастыруға және өткізуге көмек	Құжаттардың нақталуына қарай	жи 12	Петропавл
----	--	--------	---	------------------------------	-------	-----------

						қаласының бюджеті
20	«Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының жеке құрамы бойынша мұрағаты» мемлекеттік мекемесі	1 адам	Құжаттарды өңдеуге және сақтауға дайындауға көмек көрсету	Құжаттардың жинақталуына қарай	12	Петропавл қаласының бюджеті
21	«Петропавл қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі	1 адам	Жер учаскелерін ресімдеу, құжаттарды мұрағаттау, кадастрлық істерді жүргізу, сондай-ақ заңды құжаттарды ресімдеу бойынша құжаттарды өңдеуге және дайындауға көмек көрсету	Құжаттардың жинақталуына қарай	12	Петропавл қаласының бюджеті
22	«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Сот актілерін орындау комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы сот актілерін орындау департаменті» мемлекеттік мекемесі	10 адам	Халыққа қызмет көрсетудің сапасын жақсарту және жеделдету мақсатында мәліметтер дерекқорын жасауға көмек көрсету, құжаттарды өңдеуге көмек көрсету	Құжаттардың жинақталуына қарай	12	Петропавл қаласының бюджеті
23	«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Солтүстік Қазақстан облысының білім саласындағы бақылау департаменті» мемлекеттік мекемесі	3 адам	Құжаттарды өңдеуге және сақтауға дайындауға, материалдарды жіберуге және жеткізуге көмек көрсету	Құжаттардың жинақталуына қарай	12	Петропавл қаласының бюджеті
24	«Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитеті Есіл экология департаменті» мемлекеттік мекемесінің Солтүстік Қазақстан филиалы	2 адам	Құжаттарды өңдеуге және сақтауға дайындауға, материалдарды жіберуге және жеткізуге көмек көрсету	Құжаттардың жинақталуына қарай	12	Петропавл қаласының бюджеті

25	«Қазақтелеком» АҚ филиалы Солтүстік Қазақстан облыстық телекоммуникациялар дирекциясы	10 адам	Коммуникация өткізуге көмек көрсету	10000 метр	5	Петропавл қаласының бюджеті
	Қорытынды	339 адам				

2 - қ о с ы м ш а

Қ а л а

2011

ж ы л ғ ы

21

ә к і м д і г і н і ң

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№ 1926 қаулысымен бекітілген

### **Қоғамдық жұмыстарға тартылған жұмыссыздардың еңбекақы төлемінің мөлшері**

№ р/р	Жұмыс түрлері	Бір жұмыссызға еңбекақы төлемінің мөлшері	Жұмыс тәртібі
			Бес күндік жұмыс аптасы
1	Физикалық жүктеме және ашық ауамен байланысты жұмыстар (қаланы абаттандыру, тазалау, жөндеу және құрылыс жұмыстары)	1,75 ең төменгі еңбекақы	40 сағаттық жұмыс аптасы
			жұмыс күні-8 сағат
2	Ғимарат ішінде орындалатын және физикалық жүктемемен байланыссыз жұмыстар	1 ең төменгі еңбекақы	40 сағаттық жұмыс аптасы
			жұмыс күні-8 сағат